



030007, Ақтөбе қаласы, Жеңіс даңғылы, 34
тел: 8(7132)46-78-01
e-mail: mektep-16@yandex.kz

030007, город Актөбе, проспект Победы, 34
тел: 8(7132) 46-78-01
mail: mektep-16@yandex.kz

«26» 09 2025 жыл

№ 192

«26» 09 2025 год

**Білім беру ұйымдарында қаражат
жинауға тыйым салу, сыбайлас
жемқорлықтың алдын алу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, сондай-ақ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында, «Білім беру ұйымдарында қаражат жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы» №477 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Б.Джабасов, Н.Т.Наурызова, В.Г.Дементьева, мұғалімдер күні іс-шараларды өткізу үшін ата-аналар мен заңды өкілдерден заңсыз қаражат жинауға жол бермеу бойынша шаралар қабылдасын, түсіндіру жұмыстарын күшейтсін.
2. 1-11 сынып жетекшілері:
 - 2.1 Оқушылардың ата-аналары мен заңды өкілдерінен мұғалімдермен мектептерге сыйлық ретінде заңсыз ақша жинауға тыйым салынсын;
 - 2.2. Мектеп оқушыларының ата-аналары мен заңды өкілдеріне заңсыз төлемдер үшін жеке жауапкершілік жүктемеу;
3. Оқушылар мен олардың ата-аналарынан ақша бопсалау фактілері анықталса, мектеп әкімшілігіне хабарлау.
4. Мектеп психологтары А.С. Машар, А.А. Ботагарина оқушылар мен олардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға қатысты келіп түскен сұрақтарды шешу үшін телефон және сенім телефонының жұмысын ұйымдастырсын.
5. Білім беру ұйымына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін.
6. Электронды қолтаңбаны пайдалану және оған қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын күшейту мақсатында электрондық қолтаңба орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің пайдалануына қатаң тыйым салып, осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Мектеп директоры:

 З.М.Сисенова